

**2018-2019 оқу жылына арналған «Алматы энергетика және
байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ негізінде
республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің
(РОӘК ОӘБ)жұмысы туралы есеп**

1. ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 562 бұйрығына сәйкес, РОӘК және ОӘБ қызметі туралы ережелерді бекіту және кадрларды дайындау бағыты бойынша ОӘБ жаңа құрамы құрылды.

2. ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуішінің және Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау салаларының жіктеуішінің сәйкестік кестесінің жобасы талқыланды және мақұлданды: 5B071700 - «Жылу энергетикасы», 5B071800 - «Электр энергетикасы», 5B071900 - «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», 5B074600 - «Ғарыштық техника және технология».

3. Магистратураға түсу үшін кешенді тестілеу өткізуге арналған негізгі пәндер тізімінің жобасы талқыланды және ОӘБ бағыты бойынша тестілеу ерекшеліктерін әзірлеу тақырыптары анықталды, тиісті ұсыныстар берілді.

4. 5B071700 - «Жылу энергетикасы» мамандығы бойынша ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмыс қаралды және мақұлданды.

5. ОӘБ мүшелеріне ҚР БҒМ РОӘК хаттамалық шешімдері жеткізілді.

6. 5B071700 - «Жылу энергетикасы», 5B071800 - «Электр энергетикасы», 5B071900 - «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», 5B074600 - «Ғарыштық техника және технология» мамандықтары бойынша кадрлар даярлайтын ЖОО оқу-әдістемелік жұмысын өзара үйлестіру және өзара әрекеттестік жұмыстары жүргізілді.

7. ҚР БҒМ, оның ішінде ОӘБ мәселелері бойынша ректор және АҚ проректоры өткізілген отырыстарға қатысты.

8. ОӘБ мүшелері жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша жобалар мен құжаттарды сараптауға қатысты

9. ОӘБ бекітілген бағыты бойынша дайындықты жүзеге асыратын университеттер арасында республикалық пәндік олимпиадасы студенттер арасында ұйымдастырылды және өткізілді.

10. ҚР жоғары оқу орындарында техникалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауы ұйымдастырылды және өткізілді.

11. ҚР БҒМ/ РОӘК ОӘБ таңбасын иемдену үшін ұсынылған оқулықтар/оқу құралдары қаралды және ұсынылды:

11.1. 5B071700 – «Жылу энергетика» мамандығының студенттеріне арналған ағылшын тіліндегі «Professional oriented foreign language. Study guide for students of specialty 5B071700 – Heat power engineering for improvement on students reading skills of scientific and technical texts» атты оқу құралы. Авторлары: ф.ғ.д., доцент Л.Ю. Мирзоева, оқытушы Ж.Б. Ержанова («Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ). Көлемі 6.4 б.б.

Рецензиялаушылар: Сулейман Демирель университетінің ф.ғ.д., профессоры М.С. Жолшаева, Абай атындағы ҚазҰПУ ф.ғ.к., доценті М.К. Абаева, АЭЖБУ-нің ЭСЭЭЖ х.ғ.к., доценті Г.Ш. Оспанова.

11.2. «Электр техниканың теориялық негіздері-2» 1-бөлім. Электр тізбектеріндегі өтпелі кезең» атты оқу құралы. Авторлары: Т.И. Глущенко, Т.В.Бедыч.

11.3. «Электр станцияларды жобалау» атты оқу құралы. Авторлары: Ю.А.Леньков, Г.Х.Хожин, А.С.Барукин, А.Ж. Динмуханбетова.

11.4. «Күрделі электр тізбектерінің анализінің топологиялық әдістемесі» атты оқу құралы. Автор: Д.С.Ахметбаев.

11.5. «Электр тізбектерінің теориясы» атты оқу құралы. Автор: Д.С.Ахметбаев.

12. 2019-2020 оқу жылына арналған РОӘК ОӘБ жұмыс жоспары қаралды және бекітілді.

13. 2018-2019 оқу жылындағы РОӘК ОӘБ жұмысы туралы есеп тындалды.

14. РОӘК ОӘБ жұмысы туралы ақпарат АЭЖБУ <http://aues.kz> сайтына орналастырылды.

ОӘБ төрағайымы

ОӘБ хатшысы



С. Сагинтаева

Н.Кисбек